

Б.А. Мирзагелдиев<sup>1</sup>, Р.М. Мухаметшин<sup>2</sup><sup>1</sup>Нұр-Мубарак Египет ислам мәдениеті университеті, Алматы, Қазақстан;<sup>2</sup>Ресей ислам университеті, Қазан, Ресей  
(E-mail: kndbbeibit@mail.ru)**Қазақ даласындағы Орынбор мүфтилігінің шариғи сот қызметі**

Мақалада Ресей империясы тұсындағы Орынбор мүфтилігінің шариғи сот қызметіне талдау жасалынған. Атап айтқанда молдалардың қазылық қызметі, Орынбор мүфтилігінің апелляциялық сот құзіреттілігі, империяның азаматтық заңнамалары арқылы шариғи сот жүйесін басқару, үйлестіру ерекшеліктері және оның қазақ қоғамындағы көрінісі қарастырылған. Мұсылман дін өкілдерінің қазылық қызметін талдау Қазақстан аумағындағы мұсылмандық басқарудың ерекшелігін тереңірек зерттеуге мүмкіндік береді. Авторлар империялық үлгідегі шариғи сот жүйесі ислам тарихындағы қазылық қызметтен әлдеқайда тар екендігін анықтады. Сонымен қатар Петропавл, Көкшетау, Өскемен молдаларының белсенді жұмысы және неке қиоға қатысты бірқатар мәселелер, әсіресе мәжбүрлі неке мен қалыңдық үшін мал түріндегі төлемдер туралы айтылды. Алайда, мұрағатта ғылыми айналымға енгізілмеген көптеген құжаттардың болуы және осы тақырыптағы отандық зерттеулердің аздығы бұл тақырыптың толық ашылмағандығын көрсетеді. Осы себепті, авторлар осы салада қосымша зерттеулер жүргізуді ұсынды.

*Кілт сөздер:* Орынбор мүфтилігі, шариғи сот, патшалық Ресей, дін қызметкері, мүфти.

Қазақ даласына патшалық Ресей билігінің орнауымен сот жүйесіне өзгерістер енді. Қазақтың бұрыннан төрелік етіп келе жатқан би институтына қосымша азаматтық сот енгізіліп, шариғи сот істерін бақылайтын мекеме Орынбор мүфтилігі құрылды. Сәйкесінше бұл әрекет империяның басқару саласында да өзгерістердің орын алуына ықпал етті. Патшайым Екестерина II әкімшілігі діни төзімділікті жариялай отырып, мұсылмандарға өз істерін шариғат үкімі бойынша шешуге рұқсат берді. Әйткенмен, бұл құзіреттілікке тек отбасылық қатынастарды қарау істері ғана кірді. Ауыр қылмыстарды қарау азаматтық сот құзырына берілді. Сонымен қатар азаматтық заңнамалар шариғат белгілеген кейбір үкімдерді орындалуына шек қойды. Осы тұста мұнша үрдістердің барлығын империя әкімшілігінің қалай үйлестіргені және оның қазақ қоғамында қалай көрініс тапқандығы нақты зерттеулерге сүйену арқылы ғана анық көре аламыз. Тақырып дін тарихына және мемлекеттік конфессиялық қатынас тарихына бағытталғандықтан, тарихи-логикалық және дінтанулық салыстырмалы талдау әдістері негізінде сараланды. Тарихи логикалық талдау тарихи оқиғалар мен мұрағат құжаттарын, ал, дінтанулық-салыстырмалы талдау конфессиялық-мемлекеттік қатынастарды зерттеуге қолданылды.

Орынбор діни басқармасының Ресей билігі тарапынан қойылған ресми аты «Оренбургского Магометанского Духовного собрания» ал, мекеменің татаршасы «Орынбор шариғат соты» деген мағынаны білдіретін «Махкама-и-шария Оренбурджия» (ары қарай ОМДС). Яғни, ОМДС-нің негізгі аты сот қызметін білдіріп тұр. Өз кезегінде бұл сол кездегі мұсылмандардың діни басқарма қызметінің басты міндеті ретінде шариғи сот қызметін атқару деп қабылдағандығын көрсетеді. Осы тұста әлемге әйгілі философ И. Канттың теориясы тұжырымымызды қуаттай түседі. Ол бойынша: «ұғым... бұл әртүрлі нысандарда болуы мүмкін көптеген нысандардың жалпы идеясы немесе көрінісі» [1; 395]. Яғни қандай да бір заттың немесе мекеменің аты қалыптасу үшін халықта немесе ат қойып жатқан тарапта объекті жайында түсінік болуы керек. Немесе керісінше өздеріндегі бар түсінікпен объектіге ат қояды. Біздің жағдайда объект ОМДС екенін ескерсек сол заманда мұсылмандар Орынбор мүфтилігінің құрылуын — қазылық (сот) мекемесінің құрылуы ретінде қабылдаған.

Патшалы Ресей мұсылмандары алғашында қазылық мекемесі ретінде есептеген ОМДС-нің соттық қызметімен қатар саяси әрекеттерге белсене араласуы — діни басқарманың тек шариғи сот қызметін атқармайтындығын көрсетті. Өзге дінге басымдылық беретін елде шариғи соттың іске асуында біршама өзгешеліктер болатындығы айқын еді. Мұндай тәжірибе мұсылмандық елдерде бұрыннан бар болса да, христиандық мемлекеттерде мұсылмандық соттың қызметін үйлестіруде тәжірибелері аз болатын. Сондықтан Ресей империясы бұл мәселеде мұсылман елдерінің тәжірибиесі мен империяның шіркеулік басқару жүйесіне сүйенді. Ислам дінінде христиандық шіркеулердегі сияқты нақты сатылы құрылым болмады. Осы тұста патша әкімшілігі христиандық басқару үлгісіне

ұқсас исламдық мекемені қолайлы көрді. Патшалық Ресей және кеңес өкіметі тұсындағы мұсылмандық басқамалар жайлы зерттеулер жүргізген Д.Ю. Арапов «бұл жерде қандай да бір алдын ала «антиисламдық» бағытта емес, «биліктік» мүдде мен мақсатты қамтамасыз етуге деген құштарлық болды» деп айтады [2; 67]. Ресей империясының конфессионалдық саясатының негізгі ұстанымдары ел аумағындағы барша діни институттарды бақылауда ұстауға бағытталды. Империя бұл тәжірибені ең алғаш рет патриархтық жүйе жойылған соң Орыс Православ шіркеуіне жасап, сәтті іске асады. 1721 жылы құрылған Қасиетті Синод толығымен мемлекеттің мүддесіне сай жұмыс атқарды. Империя кейінгі исламдық институттарды бақылау үшін жасаған қадамдарында, осы тәжірибені ескереді. Дегенмен, исламның православтық шіркеудің құрылымынан өзгешелігі біршама зерттеу жұмыстарын жүргізуді қажет етеді. Сондықтан патша әкімшілігі Осман империясы мен Қырым хандығының тәжірибесіне сүйенуді жөн көреді. Р. Круздың айтуынша Екатерина II әкімшілігінде қызмет атқарған аудармашы, жазушы Эмин Фёдор Александровичтің еңбегінің әсері болған. Эминнің «Краткое описание древнейшаго и новейшаго состояния Оттоманской Порты» атты еңбегінде Осман империясында дін ісін шейхислам титулы бар уәзір басқаратындығын және оның мемлекеттік істерге араласпайтындығын айта келе «Шейхисламды түріктер мүфти деп атайды... Егер сұлтан бір елмен соғысқа баратын болса, шейхисламның «фетва» деп аталатын рұқсаты керек» деп көрсетеді [3; 71]. Д.Ю. Арапов Орынбор мүфтилігін құрылу барысындағы сүйенген деректердің қатарына 1722 жылы жарық көрген Д. Кантемирдің Османлы мүфтияты жайлы сипаттаманы қамтитын еңбегін және Мәскеу университетінің профессоры Ф.Е. Дильтейдің еңбегін келтіреді. Ф.Е. Дильтейдің «Детский атлас о Венгрий и Турций» атты оқулығында Османлыдағы мүфтидің рөлі және ол мұсылмандардың басшысы болғанымен, сұлтанға бағыншылығын келтірген. Сонымен қатар Д.Ю. Арапов бірнеше әскери басшылардың Қырымдағы мүфтият жүйесімен таныс болғандығын алға тартады. 1783 жылы Қырым Ресей патшалығына қосылғаннан кейін алты жылдан соң ОМДС құрылғандығын ескерсек, осы уақыт аралығында патша әкімшілігі Қырымдағы мұсылмандық басқарудың іс жүзіндегі тәжірибесі жайлы біршама мәліметтермен танысып үлгергендігі анық. Осыған орай патшалық Ресейдің шариғи сотының қызметі мұсылман елдерінде қалыптасқан түсініктегі қазылықтан біршама өзгереді болды.

Ресей Империясы тұсындағы ОМДС-нің қазылық қызметінің ерекшелігін саралау үшін ислам тарихындағы сот жүйесіне аздап тоқтала кеткен жөн. Мұсылман халықтары арасында қазы ислам діни шариғаты негізінде үкім жүргізетін сот, төреші. Ислам тарихында алғашқы қазыларды Мәдина, Басра, Куфа қалаларына халифа Омар ибн әл-Хаттаб (634–644) тағайындаған. Содан бері мұсылман елдерінде қазы билік тарапынан тағайындалып, шариғат бойынша үкім шығаратын сот қызметін атқарды. Қазы өзіне қарасты аумақта бүкіл азаматтық және қылмыстық істерді жүргізуге, қажет кезінде біреудің мүлкіне қамқоршы адам тағайындауға, мұраның әділ бөлінуін, өсиет сөздердің бұзылмауын, сот үкімдерінің, жазаларының дұрыс орындалуын, құқық қорғау мекемелері мен түрмелерді тексеру орындарын бақылауға, зекет, садақа, басқа да қоғамдық қаражаттардың дұрыс жиналып, дұрыс бөлінуін қадағалауға тиісті болған [4; 113]. Ал, мүфти ислам терминологиясында діни мәселеге қатысты шариғат негізінде пәтуа шығаратын немесе алдыңғы ғұламалар шығарған пәтуаларды заман талабына сай түсіндіретін діни білімді адам. Алғашқы ислам мемлекеттерінде мүфти деген арнайы діни лауазым, дәреже болмаған. Мүфти деп пәтуа беруге қабілетті адам аталған. Осы тұста шариғат бойынша шешім шығаратын қазы мен мүфтидің негізгі айырмашылықтарына тоқтала кетсек. Түрік зерттеушісі Ф. Аттар екі лауазым иесінің арасындағы он түрлі ерекшелікті келтіреді. Мүфтидің пәтуасы діни норма туралы түсініктеме деген мағынаны білдіреді. Сондықтан пәтуа сұраушы мүфтидің пәтуасын ұстану немесе ұстанбауына еркі бар. Мүфтий өз пәтуасын өзгеге ұстануды мәжбүрлей алмайды. Ал, қазы үкімі міндетті түрде орындауды талап етеді. Мүфтий шығарған пәтуаны оны сұраған кісімен қатар басқа мұсылмандар да ұстана алады. Ал, қазының шешімі тек қана іске қатысты тараптарға ғана тиесілі. Мүфти пәтуаны культтік тәжірибе (ғибадат), рухани тәжірибе (му‘амалат) және жазалау (‘укубат) сұрақтарына байланысты шығара алады. Ал, қазы культтік тәжірибеге (ғибадат) байланысты шешім шығара алмайды. Қазы мемлекет тарапынан тағайындалатын лауазым түрі. Сондықтан қазы мемлекет атынан шешім шығарады. Мемлекет басшысы тағайындамаған адам мүжтахид болса да сот күшіне тең үкім шығара алмайды. Пәтуаны ижтихад шығара алатын кез келген мұсылман шығара алады. Мүфтидің пәтуасы кез келген істің діни тұрғысына, ал, қазының үкімі істің айқын көрінісіне қатысты болады [4; 121]. Алайда, бұл айтылған айырмашылықтар кейінгі Ресей және кеңес өкіметі тұсында қатты ескерілген жоқ.

Керісінше бүкіл молдалар қазы қызметін атқарып, олардың үстінен мүфтиді басқарушы етіп қойды. Яғни, империя тұсындағы «мүфти» ислам елдеріндегі бас қазының кейбір функциясын атқарды.

Қазақ қоғамында үкім шығару мәселесімен қазылар мен қатар билер айналысқан. Билерге қойылатын талап әдет-ғұрып, ата-салтты, шарифатты үйлестіре отырып, тапқырлықпен үкім айту болды. Сондықтан қазақ қоғамында кез-келген даулы мәселенің оңды шешімін табуда билердің алар орны зор. Бұл үрдіс Ресей империясына енген кезде де жалғасын тапты. Ал, діни жоралғыларды әр рудағы діни білімі бар адамдар атқарды. Ол көп жағдай да қожа тұқымынан шығатын. Әрине, бұл сөзбен қазақтың дін ісі тек қожаларға ғана тиісті болды деуге келмейді. Өйткені, қазақтар арасында үш жүздің біріне жататын рулардан да көптеген дін қызметкерлері шыққан. Қазақ тарихындағы қазылар мен билердің, дін қызметкерлерінің қызметін І. Есенберлин былайша талдайды: «...Алтын Ордада билердің ықпалы күшейе бастаған. Бұрын Өзбек ханының алғашқы хандық құрған кезінде, ауыл арасындағы дау-жанжалдан, ағайын ішіндегі талас-тартыстан туған қылмыс-құнаға, ұры-қары істеріне, тіпті кейде кісі өлтірілген ұрыс-төбелестерге үкім айту, жаза бұйыру — діни адамдардың шейх, қади, ишан, қазылардың шаруасы болатын. Бірте-бірте бұл жұмыстардың барлығы билерге көшкен. Діни басшылардың қолында тек шарифатпен байланысты құнаһарлардың ісін қарау қалған» [5; 18]. Аталған хандар тұсында дінге қатысты болсын, қарапайым өмір тіршілігіне қатысты болсын мәселелер шейх, қади, ишандардың ісі болып, кейін билердің ісіне айнала бастағанын, ал ұстаздық қылып, медреседе дін үйрету, молдалық ету сияқты дін істері қожа-ишандарға тиесілі болғандығын мәлімдейді. Дегенмен, қазақ қоғамында әсіресе, оңтүстік аумақтарда билермен қоса қазылық қатар жүрді. Ал, «діни басқарма және оның мүфтиі» деген лауазым қазақ даласына Ресей империясы тұсында орнықты.

Қазақтар Ресей патшалығы құрамына енгеннен соң Ресей билігі сот және мұсылмандық басқару жүйесіне бірқатар өзгерістер енгізді. Оның ішінде, қазылық қызметке қатысты да бірнеше өзгерістер орын алды. Қазылық қызметті ахундар және молдалар атқаратын болды. Яғни, әр өңірге арнайы қазы лауазымы берілген қызметкерлер емес, сол аумақтағы молдаларға қазылық жасау міндеті жүктелді. Молдалар мен ахундардың міндетіне: мүлікті бөлу (мирас), ажырасуға себеп (талақ), некені қиюға кедергі болатын туыстық қатынастарды белгілеу кірді. Ал, дін қызметкерлерінің қызметін бақылау Орынбор мұсылман діни басқармасына жүктелді. Діни басқарманың төрағасы ретінде «мүфти» лауазымы бекітілді. Ресей билігі Осман империясы мұсылмандық басқару жүйесі мен православ шіркеуінің лауазымдық дәрежелерін зерттеу нәтижесінде ОМДС-пен оның лауазымдық дәрежелерін жасады. Орынбор мүфтилігі діни кадрларды бақылаумен қатар сот мекемесі іспеттес төменгі сот органымен теңестірілді. Ал, оның мүшелері тұрақты сот орындаушылары ретінде қызмет атқарды. Бір қарағанда мүфтилікке үлкен күзінділік берілгендей көрінгенімен негізгі мәселелерді шешу патша әкімшілігінің қолында болды.

Молдалар сот ісімен де айналысқан кезден шарифатты басшылыққа алып, Ресей империясының заңнамаларын назарда ұстай отырып шешім шығаратын болған. Бірақ молдаларға дүре соғу, өлім жазасын белгілеу секілді ауыр жазаларға кесетін үкім шығару құқығы берілмеді. Дін қызметкерлерінің оның ішінде ахунның да молданың да шығарған шешімдеріне наразы істер 1868 жылға дейін ОМДС-да қайта қаралды. Сот ісі жүргізу барысында ахундарды отбасы құқығы мәселелеріне қатысты ең жоғарғы мәртебе ретінде заңды түрде белгілеу әрекеті сәтті іске аспады. Ол «Мұхаммед дініндегі некелік қатынастар туралы ереже» бойынша жүзеге асыру көзделген еді. 1824 жылдың наурызында бұл ережені Орынбор ахуны Ғабдиссалам Ғабдрахимов пен Қарғалының мүдәррісі Ғабдрахман Мұхаммедшариф қолдағанымен, ОМДС бас мүфтиі М. Хусайынов бұл мәселені талқылаудан бас тартты. Өйткені, аталмыш ереженің жоспары Рухани істер және халықты ағарту министрлігі тарапынан ұсынылған болатын. М. Хусайынов бұл ережеге іштей қарсы болғанымен министрмен дауласудан қашып, ережені талқыламауды жөн көрді. Ал Таврикалық мұсылмандары діни басқармасы мұны мақұлдады [6].

1825 ж. 15 мамырда Орынбор азаматтық губернаторы Р.В. Нелидов «мұсылман дінбасылары жаңа билік мансапқа қол жеткізгеннен кейін пайдаға емес, әйтеуір бір өзінің діншілдігіне басады» деп, неке және отбасы істерінің барлығы дін қызметкерлеріне емес, азаматтық соттың құзырына берілуі керек деген ұсынысын айтты [6]. Алайда, 1864 жылғы сот ісі бойынша реформаға дейін мұны іске асыру мүмкін болмады. Орынбор азаматтық губернаторының мұсылман дін қызметкерлерінің құзырын азайтуға тырысу әрекетін ахундықтың шіркеу епископының функциясымен теңесіп кеткендігін меңзеп тұрған еді. Ал, патшалық Ресейдің православтық бағыттағы шенеуліктері мұндай әрекетті қолдай қоймайтыны анық. ОМДС-нің Православтық басқармадан айырмашылығы ахунмен

губерния әкімшілігінің өзара әрекеттесу механизмі дұрыс жолға қойылмады. Дегенмен, билік білместікпен бұған жол берді деп айта алмаймыз. Өйткені олар кіші дәрежедегі дін қызметкерлерінің күнделікті жұмысына араласа берудің нәтижесі төмен болады деп санады. Сондықтан барша дін қызметкерлерін, оның ішінде ахундарды да ОМДС арқылы орталықтан басқаруды қолайлы көрді. Мұны, ОМДС екінші мүфтіі Ғабдиссалам Ғабдрахимовтың ОМДС-ті орталықтандыру саясатын жүргізуінен байқасақ болады.

1847 ж. ОМДС Ішкі істер министрлігі ахунның функциясына отбасы мәселесі кіретіндігін хабардар етті. ОМДС негізінен апелляциялық сот қызметін атқарды. Патшалық Ресей заңы мұсылмандар жергілікті имамның шешімімен келіспеген жағдайда жоғарғы діни басқармаға шағымданып қайта қарауды белгіледі. Бұл мүмкіндік имамдардың шешіміне қанағаттанбаған көптеген мұсылмандардың ОМДС-ке ісін қайта қарау үшін жаппай жолдауына алып келді. XIX ғасырдың екінші жартысында мұндай шағымдар үдей түскен. Олардың ішінде ең көбі некелік, отбасылық қатынастарға қатысты істер болды. ОМДС мүшелері мерзімді түрде жиналып, келіп түскен істерді қарап, шешімін шығаратын. Бір жиналыста бірнеше істің шешімі шығатын. Жиын барысында хатшы «ОМДС-тің қатысу журналына» істің барысы жайлы мәліметтерді жазатын. Келіп түскен арыз көп жағдайда татар, орыс тілінде, ал, шешім татар тілінде, бірақ журналға орыс тілінде жазылды. Сосын аудармашы арыздарды да орысшаға аударып қоятын. Мұндай құжаттар қазіргі күні ОМДС қызметін зерттеуде таптырмас дереккөздер болып саналады. Бұл жүйе мұсылмандарды және имамдарды ОМДС арқылы бақылауда және әрбір істің шешімін табуда онды әсері болды. Журналдағы жазбалар іс барысын толық баяндап, бірнеше бетті құрайтын. Олардың ішінде арыз сипаттамасы, имамның есебі, куәгердің сөзі және ОМДС шешімі қамтылды. Кей кездері ОМДС істі қараған имамға істі терең зерттеуді, жаңа куәгерлерден мол ақпарат жинап, толық қанды шешім шығаруды тапсыратын немесе тараптар бұған да қанағаттанбаған жағдайда өзге ахунға немесе имамға қайта жолдайтын. Осы тұста молдалардың тек сот ретінде ғана емес, сонымен қатар тергеу ісімен де айналысқандығын көре аламыз. Бұл жайында ОМДС имамдары өз есептерінде көрсетеді. ОМДС-тен қайта қарауды сұрап келген істерге жаңа шешім шығару үшін куәгерлерден және тараптардан қайта сұрақ жүргізеді. Мұсылмандар істі қайта қарау кезінде өздері аттарын жазып, басқа имамның қарауын сұранатын тұстары да болған. Әдетте ОМДС мұндай өтініштерді орындайды. Ал, имам тергеу ісінен кейін есептерді жазып, ОМДС-ке қайта жолдайды. Бұл да Барон Игельстромның жобасы бойынша қалыптасқан жүйе еді. Барон «қандай да бір ажырасу ісіне рұқсат берген мұсылман дін қызметкері істі бітіргеннен кейін діни басқармаға ажырасуға рұқсат беруге себеп болған барлық жағдайды түсіндіретін ақпараттарды жеткізу керек. Осы арқылы Діни басқарма істің әділ және заңға сай өткендігін анықтай алады. Егер бұл тәртіп орындалмаған жағдайда оның (имам) шешімі күшін жоюы тиісті» [6].

Мұрағат құжаттары ОМДС апелляциясынан өтіп, қабылданған жүйеге қарап олардың басты дерек көзі имам немесе ахунның есебі мен арызданушының арызы болғандығын аңғарамыз. ОМДС әрбір шешімнің шығуына қатысты негізгі себебі мен дәлелін нақтылауды бақылауды ұстаған. ОМДС-тің құжаттағы аты шарифи сот болғанымен оның іс жүргізуі өзге елдің шарифи сотынан біршама айырмашылығы болды. Арызданушы мұсылмандар негізінен Уфаға сот үшін келген емес. Арыздары тек жазбаша түрде ғана жолданған. Сондықтан ОМДС имамнан жоғары болып саналғанымен негізгі сот ісінің ауыртпалығы имамдар мен ахундарда болды. Іс жүзінде ОМДС өздігінен шешімді сирек шығаратын. Көбіне имамдар мен ахундардың есебі мен шешіміне сүйенетін. Ереже бойынша іс имамға, ахунға немесе губерния билігіне қайта жолданатын. Ал, егер іс ОМДС-тің құзыреттілігіне кірмейтін болса, арызданушыға Діни басқарма құзыреттілігінен тыс екендігін түсіндіріп, қайта жолдайтын.

ОМДС қандай да бір іс бойынша имамдармен де, губерния әкімшілігімен де жиі хат алмасып, істің барысын бақылауда ұстайтын. Патша билігі мұсылман қызметкерлерінің иерархиясын қалыптастырды. Дегенмен, бұл сатылы лауазым иелерінің қызметі кейде нақтылы түрде өз функциясын атқармай қалатын. Мысалы, кей кездері имамның шешіміне разы емес арызданушы, өзінің ісін жергілікті ахунға емес, бірден Уфаға Діни басқармаға жолдаған сәттер көптеп орын алған. ОМДС құрылғанға дейін аумақтық ахундық басқару ісі мұсылмандар арасындағы сот істерін қарайтын орта деңгейдегі лауазым ретінде қалыптастыру жоспарланған. Әрине, ахундардың саяси және дін істерінде өз орны болды. Алайда, ахундардың бұл бағыттағы функциясы нақты заңдық құжаттармен бекітілмеді. Кейін ОМДС құрылғаннан кейін ахундықтан да жоғары инстанция пайда болу себепті ахундардың ықпалы азайды. Ендігі күш ОМДС қолына көшті. Ресей империясындағы

көптеген мұсылмандар үшін ОМДС-тің құрылуы жергілікті имам мен ахуннан аттап өтіп, арыз беретін пунктке айналды. Алайда, бұл құбылыс қазақтарда қатты бой көрсеткен жоқ. Керісінше қазақтар жергілікті дін қызметкерімен жақсы қарым-қатынас орнатып, істі насырға шаптырмай шешетін.

ОМДС-тің сақталған мұрағат құжаттарының басым бөлігі неке мәселесіне қатысты болуы, шариғат сот жүйесінде бұл бағыттың орны зор екендігін көрсетеді. Патшалы Ресей заңнамасы бойынша неке мен ажырасу ісі метрикалық кітаптарында жазбаша тіркелетін. Ол шариғаттың емес азаматтық басқарманың қойған талабы болатын. Шариғат бойынша неке жасы ер бала үшін 15, ал қыз бала үшін 9 жас шамасын белгіленген. Алайда 1835 жылдың 22 наурызынан бастап Сенаттың жарғысымен мұсылмандарға некеге тұру жасы туралы талаптар өзгеріп, ерлерге 18 жас, әйелдерге 16 жас бекітілді [7]. 1836 жылы шариғи соттың құзыреттілігі тағы да тарыла түсті. Ол бойынша мирас бөлу кезінде барлық тараптар толық келіскен жағдайда ғана ОМДС қарайтын болды. Яғни тараптардың бірі қарсылық тудырса, азаматтық соттың қаруына берілді [7].

Неке қиғанда немесе ажырасқан кезде молданың қатысуы міндетті шарт етілді. Молданың міндетіне жұбайлардың жасын, тегін (яғни, неке қиюға болмайтын қандық туыс болмауы тиіс) және екі жақтың келісімін алу кірді. Неке қиюда молданың қатысуын міндеттеудің басты себептері ретінде біріншіден некенің азаматтық және шариғи тұрғыдан заңдастыру, сол арқылы әкімшілік биліктің бақылауын күшейту, екіншіден халық арасындағы неке-отбасы ісіндегі дау-дамайлардың туындауын алдын алу және қоғамдағы некелік қатынастарды бір ізділікпен реттеп, тәртібін орнықтыру еді. Некеге қатысты ең жиі қозғалатын істердің қатарына қызды мәжбүрлі түрде тұрмысқа беру немесе алу, қалыңмал төлеу, күйеуінің әйелге зорлық көрсетуі, әйелінің күйеуіне бағынбауы мәселелері кірді.

Империяның некеге тұруға қатысты заңнамасы конфессиялық ерекшеліктерге қарай некенің қиылуына бірқатар шектеулер қойды. Мысалы, мұсылман еркектер христиандықтың католикті және православиені ұстанушы әйелдермен некелесуіне рұқсат болмады. Ал, лютеран әйелдермен үйленуге белгілі шарттармен рұқсат етілді: біріншіден көп әйелдіктен бас тарту, екіншіден кейін өмірге келген балаларды христиандық сенімде тәрбиелеу шарт етілді. Егерде лютеранмен некеге тұрғаннан кейін балаларға христиандық тәрбие бермесе немесе әйелі де баласы да исламға мойын ұсынып кетсе, ондай жағдайда неке бұзылып, ол отбасы толық айыпты деп танылып, бірқатар құқықтарынан айырылып, қоныс аударылады. Ал, егер күйеуі мұсылман, өзі мұсылман немесе лютеран әйел православиені қабылдаса, онда мұсылман күйеуі әйеліне ешқандай қорлық көрсетпеуіне мән берілді. Керісінше ондай жағдайда күйеуі баласын шоқындыруы керек деп белгіленді. Яғни, бұл жерден заңның мұсылмандар үшін толық еркіндік бермегендігін байқау қиын емес [8].

Шариғат некеге тұру кезінде тараптардың еріктілігін белгілейді. Патшалы Ресей билігі тұсында да ОМДС некенің еркін түрде орындалуына мән берді. Әсіресе бұл әйелдерге қатысты болатын. Мүфти Мұхамеджан Хусайнов некенің дұрыс болуы үшін куәгерлердің қатысуы міндетті, тіпті қалыңдық келісім берген жағдайда да куәгер шарт деп пәтуа берді. Сонымен қатар әйелді зорлап қосу кезінде қиылған неке де дұрыс деп саналмады. Некенің дұрыс орындалуын күйеуінің туыстары қадағалауы тиісті болды. Сонымен қатар аталмыш пәтуа бойынша жұбайлардың ата-аналары құқы имамдардың құзіретінен көбірек болды. Алайда, деректер көрсеткендей әйелдерді ата-аналар мен жақын туыстары тарапынан жұбайлар мәжбүрлі түрде тұрмысқа шығу фактілері де орын алғандығын байқаймыз. Ондай істер ОМДС-ке қайта қаралу үшін Уфаға Қазақстанның Петропавл, Көкшетау, Павлодар аймақтарынан көп келіп түскен. Сондықтан, мәжбүрлікпен күйеуге беру ең жиі орын алған іс болып табылып отыр. Сондай істің бірі 1846 жылы Көкшетау округі Андағұл болысында Ұлбары Тұрсынбайқызын тұрмысқа беруде орын алған. Іс 1846 жылдың 2 мамырынан бастап бір жылға созылған. Құжат бойынша Ұлбары Тұрсынбайқызының әпкесі Жанар қайтыс болған соң, жездесі Бағайға Ұлбарыны қазақ салты бойынша күйеуге бермек болады. Алайда Ұлбары үйден қашып Жақсыбай Тойғылыұлына барады. Сөйтіп Петропавл қаласындағы ахун Сиражуддин Сафұлына некелерін қидырады. Алайда, Ұлбарының туыстары және жездесі Бағай Жақсыбайдан ажыратып алып, жездесіне тұрмысқа шығуға мәжбүрлейді. Осы тұста Ұлбары Жақсыбаймен некесінің заңды, Бағайдікінің шариғатқа да, заңға да қайшы екендігін алға тартып, ОМДС өкілдігіне арызданады. Арызда Ұлбары «Петропавл қаласына келіп ахун Сиражуддин мұлла Сафұлына сол хаттарды көрсетіп, бізге неке оқып беріңіз дегеннен кейін сол хаттарды қарап зерделеп, менің өз ықтиярыммен мен Жақсыбай Тойғылы ұлына фебралдың 20 күнінде неке оқып дәптерге жазған соң, үйіме қайтқаннан кейін атамның аға-інілері және де жездем Бағай «қазақ рәсіміне бұл қарсы іс, біз ол келісімден қайттық деп, Петропавлдағы ахунның қылған некесіні бұзам деп оның қазақта не ісі бар

деп келіп, мені қинап байлап, нәрселерімді қалап, ерім Жақсыбайдан тартып алып, үйлеріне алып барған, қаштым. Менім жасым жиырма бесте және де сол Бағайға мүлдем разы емеспін, және неке оқығаны жоқ» деп мәлімдейді [9]. Сот ісі әдеттегідей куәгерлерден және неке қиған молдадан «рапорт» алумен жүргізіліп, 1849 жылдың 21 тамызында шешімі шығады.

Ресей заңнамасында жасы кәмелетке толмаған балалардың ата-аналарының алдын ала атастыру мәселесіне қатысты нақты ереже көрініс таппады. Қазақ дәстүрінде атастырылған балалар кәмелетке толғаннан соң некелесуі міндетті. Осы тұста алдын ала келісіп, қалың малын алып қойып, бірақ әкешесінің ықпалымен немесе қыздардың өз қалауларымен некеден бас тарту фактілері орын алғандары да бар. Әрине, мұның арты үлкен дау-дамайға ұласатын [8]. Егер жұбайлардың бір жағы келісілген некеден бас тартса, айып төлейтін болған. Қалың малдың төленбей қалуы көп жағдайда ерлі-зайыптылардың ажырасуына немесе некенің қиылмай қалуына себеп болатын. Империя заңнамасында отбасылық өмірге қабілетсіздік деп танылған осындай жағдайларда ажырасуды белгілейді. Бұл, империя аумағындағы барлық сенімді ұстанушыларға ортақ ереже болды. Міндетті қалың малды төлеуден жалтаруға тырысқандарды ОМДС-пен азаматтық соттар тарапынан мәжбүрлеу шараларымен өндірілді.

Шариғат бойынша зинақорлық жасау үлкен қылмыс болып саналып, оның жазасы өлім жазасына немесе дүре соғу секілді ауыр жаза белгілеген. Алайда, империя билігі молдаларға мұндай жазалау шараларын қолдануға шектеу қойғандықтан, мұның жазасын азаматтық заңнама белгіледі. Оның себебін, биліктің мүфтият ықпалының күшейіп кетуінен сақтану ретінде түсіндіреді. 1832 жылғы Сенаттың және 1837 жылғы Мемлекеттік кеңестің шешімімен зинақорлыққа шариғатта берілетін жазасынан қарағанда жеңілдетілген жаза белгілеген еді [10]. Олардың ішінде істеген күнасына тәубеге келу, шын жүректен өкіну, қысқа мерзімге қызметінен босату секілді жазалар қамтылды.

Империя әкімшілігі әрқашан азаматтық соттың құзыреттілігін арттырып, би және шариғи соттың құзіреттілігін тарылып отырды. Соның бірі 1867–1868 және 1891 жылдардағы реформа қазақстан аумағында сот жүйесіне алған өзгерістерде анық көрінеді. Жаңа басқару жүйесі бойынша әкімшілік соттың құзіреті артып, би және қазылық құзыреттері шектелді. Жаңа сот органы — әскери сот комиссиясы, уездік соттар құрылды. Ауылдық жерлерде билер институты сақталды. Соттың ең жоғары сатысы ретінде үкіметтік сенат саналды. Ірі қылмыстарды қарастыру әскери соттың құзырында болды. Билердің істі қарауы болыстық басқармамен іске асты. Би мен шариғи сот шешімдерінде дене және өлім жазаларына рұқсат етілмеді. Молдаларға көшпелі шаруашылықпен айналысатын тұрғындар арасында 300 рублден, ал, отырықшы аумақта тұратындар арасында 100 рублден аспайтын істі қарауға құқық берілді. Ал, құны одан жоғарғы істерді тек әскери сот пен уездік сот қана қарай алды [11]. Шариғи соттың шешіміне келіспеген тараптарды уез соты қарады. Осылайша қазақ даласында уақытша ереже қазылар мен билердің уәкілеттілігін шектеп империяның билігін нығайтуға күш салды.

Орынбор мүфтилігінің сот төрелік қызметін енгізу арқылы Ресей империясы бірнеше мақсатты көздегендігін байқай аламыз. Біріншіден мұсылмандар арасында исламдық басқарудың билікке бейімделген формасын жасау, сол арқылы азаматтық әкімшілік басқаруды күшейту. Екіншіден діни басқарманың қызмет етуіне мүмкіндік бергенімен, шариғи заңның қатты күш алып кетуін, исламның жылдам таралуының алдын алуға тырысты. Ол үшін мұсылман әлеміндегі қазылықтан көрі құзыреттілігі тар шариғи сот жүйесін жасады. Үшіншіден Ресей империясының ірі реформаторы П.Ектеринаның әкімшілігі сот жүйесін практикалық тұрғыда енгізіп, империяның мұсылмандыққа қарсы бағытталмағандығын іс жүзінде дәлелдеуді және сол арқылы көшпелі қазақ рулары арасында ыңғайлы басқаруға мүмкіндік беретін соттық жүйе қалыптастырмақ болды. Нәтижеде азаматтық сот және әкімшілік басқару жүйесі діни және дәстүрлі қазақ басқару жүйесіне қарағанда беки түсті. Оған ашық мысал 1868 жылғы шариғат соты мен дәстүрлі би сотын шектеуге бағытталған реформаны айтсақ болады. Тақырыпты зерттеу барысында қазақ даласында Пертрупавл, Көкшетау, Өскемен аумақтарының молдаларының белсенді қызмет атқарғандығы және олардың төрелік етіп қараған істерінің басым бағыты некелік қатынастарға, әсіресе әйелдердің мәжбүрлі түрде тұрмысқа шығу және қалың мал беру ісіне қатысты екендігі анық болды. Сонымен қатар азаматтық заңнамаларда некелік қатынастарда этноконфессиялық ерекшеліктерге аса мән беріліп, православие дінін ұстанушыларға бірқатар жеңілдіктер қарастырылғаны айқын байқалды.

Жалпы, біршама зерделеп, талдауға тырысқанымызбен тақырып әлі де болса терең зерттеуді қажет ететіндігі белгілі болды. Башқұртстан ұлттық мұрағатында «Орынбор Мұхаммедтік рухани

басқарма» қорында ғылыми айналымға енбеген құжаттардың көптеп болуы, тақырыптың толық зерттелмегендігін көрсетеді. Ол құжаттарда Қазақстандағы дін тарихы, мемлекеттік басқару, сот жүйесі, қоғамдағы әлеуметтік мәселелер мен жекелеген тұлғалардың өмір тарихы, қызметі жайлы мәліметтер жетерлік.

#### Әдебиеттер тізімі

- 1 Кант И. Трактаты и письма / И. Кант. — М., 1980. — 320 с.
- 2 Арапов Д. Система государственного регулирования ислама в Российской империи: дис. ... д-ра ист. наук. (последняя треть XVIII — начало XX вв.) / Д. Арапов. — М., 2005. — 381 с.
- 3 Эмин Ф.А. Краткое описание древнейшего и новейшего состояния Оттоманской Порты / Ф.А. Эмин. — М., 1787. — 71 с.
- 4 Fahrettin A. Usul fikh / A. Fahrettin. — Istanbul, 1988, 121.
- 5 Исибаева Е.И. Қазақ өлкесіндегі билер сотының қалыптасуы және дамуы / Е.И. Исибаева // ҚазҰУ хабаршысы. Заң сериясы. — 2012. — № 2 (62). — 17–20 б.
- 6 Хабутдинов А.Ю. Религиозное самоуправление и шариатское семейное право в России: опыт Оренбургского магометанского духовного собрания в конце XVIII — первой четверти XIX в. [Электронный ресурс] / А.Ю. Хабутдинов. — 2012 — Режим доступа: <http://rpu-rf.ru/uploads/zabut.pdf>
- 7 Гарипова Р. Оренбургское магометанское духовное собрание как шариатский суд [Электронный ресурс] / Р. Гарипова. — Режим доступа: [http://www.archive.gov.tatarstan.ru/magazine/go/anonymous/main/?path=mg:/numbers/2014\\_3\\_4/1/04/](http://www.archive.gov.tatarstan.ru/magazine/go/anonymous/main/?path=mg:/numbers/2014_3_4/1/04/)
- 8 Воронина Т.В. Правовое регулирование мусульманского брака в Российской империи [Электронный ресурс] / Т.В. Воронина. — Режим доступа: <https://naukaip.ru/wp-content/uploads/2018/02/%D0%9C%D0%9A-275->
- 9 ГКУ НА РБ. И-295. Оренбургское магометанское духовное собрание. — Т. 3. — Д. 2243.
- 10 Мухаметзарипов И. Применение норм шариата о заключении брака российскими мусульманами в конце XVIII — начале XX вв. [Электронный ресурс] / И. Мухаметзарипов. — Режим доступа: <https://www.minbar.su/jour/article/view/166>
- 11 Реформы 1867–1868 и 1891 гг. на территории Казахстана [Электронный ресурс]. — Режим доступа: <http://www.elimai.kz/reformy-1867-1868-i-1891-gg.html>

Б.А. Мирзагелдиев, Р.М. Мухаметшин

### Деятельность шариатского суда Оренбургского муфтията в Казахской степи

В статье проанализирована деятельность шариатского суда Оренбургского муфтията во времена Российской империи. В частности, были рассмотрены деятельность мулл в качестве судей, компетенция апелляционного суда Оренбургского муфтията, управление шариатской судебной системой посредством гражданских законов империи, особенности координации и проявление его в казахском обществе. Анализ деятельности кази мусульманских священнослужителей дает возможность глубокого изучения мусульманского управления на территории Казахстана. Авторами было установлено, что деятельность имперской шариатской судебной системы намного уже, чем деятельность кази в исламской истории. Кроме того, отмечена активная работа мулл Петропавловска, Кокчетавы и Усть-Каменогорска и круг вопросов, касающихся брака, особенно принудительного брака и выкупа за невесту в виде скота. Однако наличие в архивах многочисленных документов, не введенных в научный оборот, и малочисленность отечественных исследований на эту тему указывают на то, что данная тема не раскрыта полностью. По этой причине авторы предлагают дальнейшие исследования в этой сфере.

*Ключевые слова:* Оренбургский муфтият, шариатский суд, царская Россия, священнослужитель, муфтий.

B.A. Mirzageldiyev, R.M. Mukhametshin

### Activities of the Sharia court of the Orenburg Muftiate in the Kazakh steppe

In this article, the author analyzes the activities of the Sharia court of the Orenburg Muftiate during the time of the Russian Empire. In particular, they examined the casuistic activities of the mullahs, the competence of the court of appeal of the Orenburg Muftiate, the management of the Sharia judicial system through the civil laws of the empire, the particularities of coordination and its manifestation in Kazakh society. An analysis of

the casiatric activities of Muslim clerics provides an opportunity for in-depth study of Muslim governance in Kazakhstan. During the study of the topic, it was found that the activities of the imperial Sharia judicial system are much narrower than the Casiatric activities in Islamic history. In addition, the author emphasizes the active work of the mullahs of Petropavlovsk, Kokchetav and Ust-Kamenogorsk in the Kazakh steppe and notes that in the cases they examined, issues such as marriage, especially issues of forced marriage and ransom for the bride in the form of cattle, were basic. However, the presence in the archives of numerous documents not put into scientific circulation and the paucity of domestic studies on this topic indicate that this topic has not been fully disclosed. Therefore, the author proposes that this topic requires further research

*Keywords:* Orenburg Muftiyat, Sharia court, tsarist Russia, clergy, mufti.

## References

- 1 Kant, I. (1980). *Traktaty i pisma [Treatises and letters]*. Moscow [in Russian].
- 2 Arapov, D. (2005). Sistema gosudarstvennogo reulirovaniia islama v Rossiiskoi imperii (posledniaia tret XVIII — nachalo XX vv.) [The system of state regulation of Islam in the Russian Empire (the last third of the XVIII — the beginning of the XX centuries)]. *Doctor's thesis*. Moscow [in Russian].
- 3 Emin, F.A. (1787). *Kratkoe opisaniie drevneishego i noveishego sostoianiia Ottomanskoi Porty [A brief description of the ancient and latest state of the Ottoman Port]*. Moscow [in Russian].
- 4 Fahrettin, A. (1988). *Usul fikh*. Istanbul [in Turkish].
- 5 Isibayeva, Y.I. (2012). Kazak olkesindehi biler sotynyn kalyptasuy zhane damuy [The becoming and developing of bii's judge in Kazakh land is considered]. *KazUU khabarshysy. Zan seriasy — KazNU Bulletin. Series of laws*, 2 (62), 17–20 [in Kazakh].
- 6 Khabutdinov, A.Yu. (2012). Relihioznoe samoupravlenie i shariatskoe semeinoe pravo v Rossii: opyt Orenburshkogo mahometanskogo dukhovnoho sobraniia v kontse XVIII — pervoi chetverti XIX v. [Religious self-government and Sharia family law in Russia: the experience of the Orenburg Mohammedan spiritual assembly in the late XVIII — first quarter of the XIX century]. *rpu-rf.ru*. Retrieved from <http://rpu-rf.ru/uploads/zabut.pdf> [in Russian].
- 7 Garipova, R. Orenburshkoe mahometanskoe dukhovnoe sobranie kak shariatskii sud [Orenburg Mohammedan Spiritual Assembly as a Sharia court]. *archive.gov.tatarstan.ru*. Retrieved from [http://www.archive.gov.tatarstan.ru/magazine/go/anonymous/main/?path=mg:/numbers/2014\\_3\\_4/1/04/](http://www.archive.gov.tatarstan.ru/magazine/go/anonymous/main/?path=mg:/numbers/2014_3_4/1/04/) [in Russian].
- 8 Voronina, T.V. Pravovoe reulirovanie musulmanskohe braka v Rossiskoi imperii [Legal regulation of Muslim marriage in the Russian Empire]. *naukaip.ru*. Retrieved from <https://naukaip.ru/wp-content/uploads/2018/02/%D0%9C%D0%9A-275-%D0%A1%D0%B1%D0%BE%D1%80%D0%BD%D0%B8%D0%BA.pdf> [in Russian].
- 9 HKU NA RB. I-295. Orenburshkoe mahometanskoe dukhovnoe sobranie [Orenburg Mohammedan Spiritual Assembly]. Vol. 3, D. 2243 [in Russian].
- 10 Mukhametzariipov, I. Primenenie norm shariata o zakliuchenii braka rossiiskimi musulmanami v kontse XVIII nachale XX vv. [Application of Sharia rules on the marriage of Russian Muslims at the end of the 18th and beginning of the 20th centuries]. *minbar.su*. Retrieved from <https://www.minbar.su/jour/article/view/166> [in Russian].
- 11 «Reformy 1867–1868 i 1891 hh. na territorii Kazakhstana» [Reforms of 1867–1868 and 1891 in Kazakhstan]. *elimai.kz*. Retrieved from <http://www.elimai.kz/reformy-1867-1868-i-1891-gg.html> [in Russian].